

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.І, Ч.ІІІ. - С. 122-125

БРУЦЕЛЛЕЗДЕН САУЫҚТЫРУДА БАЛАУЛЫҚ ӘДІСТЕРДІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТИІМДІЛІГІ

*Д. Куанышбаева, магистрант, Мусоев А.М., ассоциированный профессор, PhD
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті. Алматы қ.*

Brucella туысына жататын бактериялар тудыратын жұқпалы аурулардың бірі – бруцеллез. Бруцеллез шыққан мал шаруашылықтарында жаппай іш тастау болып, алынатын төл саны күрт төмендеп, зарарланған малдар союға жіберіледі. Мал шаруашылығына орасан экономикалық шығын әкелетіндіктен, бұл аурумен күресуге ерекше көңіл бөлінген [1,2].

Алайда, бруцеллез тіркелгелі бері ширек ғасырдан аса уақыт өтсе де, бұл мәселе өз шешімін әлі тапқан жоқ. Қазақстанның көптеген облыстарында ветеринариялық мамандардың бруцеллез инфекциясын жою бойынша қолданыстағы барлық шараларына қарамастан, осы ауру бойынша эпизоотиялық жағдай күрделі болып қалуда [3,4].

Дәлелді деректер негізінде зерттелінген аймақтарда бруцеллез инфекциясының таралу дәрежесі және әр түрлі жануарлар түрлері арасындағы аурудың пайда болу қауіптілігін аймақтандыру жүргізілетін болады.

Кіріспе. Бруцеллез індеті- зарарланған ағзада сүйек буындарының қабынуымен іш тастау, эндометрит, әр түрлі клиникалық белгілермен байқалатын, адамдар мен малдарға ортақ созылмалы түрде өтетін зооантропонозды ауру. Бруцеллез қоздырушысы анықталғаннан бері біраз жылдар, еңбектер тәжірбиелер жүргізіліп келе жатса да, бұл індетті түбімен жою әлі мүмкін болмай отыр. Негізгі себептерінің бірі - мал шаруашылығын аурудан сауықтыру шараларының тиімділігінің төмендігі, сонымен бірге диагностикалауда қолданылатын дәрмектер мен әдістердің қажетті деңгейде жетілдірілмегендігінде[5,6].

Таза шаруашылықтардан жеткізілген малдарды ереже бойынша тексеріп бір айға бақылауға алып тексеріп отырады. Тексеру кезінде серологиялық (РБС АР,КБР,ҚҰБР) Корсетілген мерзім бойынша Тексеру нәтижесі аяқталғанда әкелінген мал оң нәтиже берсе мал дәрігердің рұқсаты мен отарға қосылады.

Шарушылықта жануарлар ауырған жағдайда, эпизоотологиялық ошақта тұрған оң әсер беретін жануарларды физиологиялық жай-күйіне асыл тұқымды және шаруашылық құндылығына қарамастан солардан алынған төлімен дереу союға жібереді

Жұмыстың мақсаты. Зерттеу жұмысының мақсаты қой

бруцеллезінің Жамбыл облысындағы індеттік жағдайына талдау жасап, шаруашылықты бруцеллезден сауықтыру шараларын жүргізуде балаулық әдістердің салыстырмалы тиімділігін анықтау.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. ҒЗЖ орындау нәтижесінде бруцеллезге шалдыққан ұсақ малдардың саны 2019 жылы 1365 бас болса, 2020 жылы шалдығу саны 329 құраған. №1 шаруа қожалығы бойынша 2019 жылы ауруға шалдыққандар саны 1929 бас, ал 2020 жылы 2258 басты құраған. №11 шаруа қожалығы бойынша бруцеллезге шалдыққандар 2019 жылы 383 бас, ал 2020 жылы 957 бас болған, яғни ауруға шалдыққан малдың саны 2,5 есе көбейгенін байқауға болады. Шаруа қожалықтары бойынша 2020 жылы бруцеллезге шалдыққан ұсақ малдарды жою туралы деректер 1 кестеде келтірілген.

1 кесте - Шаруа қожалықтарында бруцеллез бойынша жойылған ұсақ малдардың мәліметі

№	Аудандар, қала	Ауырған малдың саны	Жойылған малдың саны	Айыпп ұл,акт	Өтемақы саны
1	№1 шаруа қожалығы	2542	2480	62	2480
2	№2 шаруа қожалығы	540	462	78	462
3	№3 шаруа қожалығы	675	649	26	649
4	№4 шаруа қожалығы	1248	1113	135	1113
5	№5 шаруа қожалығы	190	181	8	181
6	№6 шаруа қожалығы	625	610	22	610
7	№7 шаруа қожалығы	1912	1815	97	1815
8	№8 шаруа қожалығы	1342	1267	103	1267
9	№9 шаруа қожалығы	1320	1206	98	1206
10	№10 шаруа қожалығы	45	32	7	32
11	№11 шаруа қожалығы	372	352	30	352
	Барлығы	10811	10187	666	10187

8 кесте нәтижелеріне сәйкес №1 шаруа қожалығы бойынша

бруцеллезбен ауырған малдың саны 2542 бас, жойылған малдың саны 2480, айыппұл 62 алға салынған. №4 шаруа қожалығы бойынша бруцеллезге шалдыққан малдың саны 1248 басты құраған, ал жойылғандары 1113 бас, 162 малдың басына айыппұл салынған. Зерттеудегі №7 шаруа қожалығы бойынша бруцеллезге шалдыққандардың саны 1912 бас, жойылғандары 1815, айыппұл 97 бас малға салынған.

Зерттеу жұмыстары №7 шаруа қожалығында жүргізілді. Шаруашылық орналасқан елді-мекені ауыл-шаруашылық жануарлары құдық және ашық су көздерімен суғарылады. Бұл елді-мекеннің аумағында кеміргіштер мен қан сорғыш жәндіктер жабайы аңдар мекендейді. шаруа қожалығында орналасқан қора-жайлардағы малдарды қиларын механикалық әдіспен тазартып, биологиялық әдіспен залалсыздандыру жұмыстары жүргізілген.

№1 шаруа қожалығында барлығы 11360 бас ұсақ мал бірінші қан алғанда 1165 бастан қан алынып бруцеллезге зерттеу жүргізілді, барлық оң нәтиже бергендер 214 бас, олардың ішінде КБР бойынша -112 оң нәтиже, АР -52 оң нәтиже, РБС – 50 оң нәтиже алынды, етке тапсырылғаны 193 бас болды. Екінші рет 7618 бастан қан алынып, тексерілген кезде КБР бойынша - 23 оң нәтиже, АР -18 оң нәтиже, РБС – 16 оң нәтиже алынды. Үшінші рет 500 бастан қан алынып, тексерілген кезде КБР бойынша -11, АР-8, РБС - 6 оң нәтиже алынды.

Үшінші қан алумен қатар, бір мезгілде оң нәтиже көрсеткен 17 басқа «ВИЭВ» аллерген сынамасын құйрық асты қыртысына 0,2 см³ өлшемінде тері ішіне салынды. Аллергендік сынаманың нәтижесі 48 сағаттан соң оқылды.

Мал ауру болса аллерген жіберілген жер қызарып, қатты ісік пайда болып, көзге анық көрінеді. Бруцеллезден таза малда бұндай реакция болмайтыны анық.

Аллерген жіберген жердегі теріні сипап, қарап сау жердегі терімен салыстырдық.

Реакцияны бағалау төмендегідей тәртіппен жүргізіледі:

Оң нәтиже - тері қыртысының қалындауы қалыптағы жағдайымен салыстырғандағыдан 3 мм немесе одан да жоғары:

Күмәнді нәтиже – тері қыртысының қалындауы 3 мм-ден кем;

Теріс нәтиже- аллергенді жіберген жерде ешқандай өзгеріс жоқ

Зерттеу нәтижелері төмендегі 2 кестеде көрсетілген.

Аллергиялық тексеруге алынған 400 бас қойдың 21 -і оң нәтиже берді. Серологиялық тексерілер кезінде КБР, АР, РБС 17 бас оң болды. Малды тұрған орынында зерттеуге мүмкіндік беретін, бруцеллезді балаудың аллергиялық тәсілі зерттеу өндіріс жағдайында атқаруға оңтайлы әрі тиімді тәсіл.

Бұл тәсілді қолдану, бруцеллез жұқтырған жануарларды табыннан дер кезінде бөліп алуға мүмкіндік береді, әрі орындалуы оңай, атқарылуы үшін зертханалық жағдай немесе күрделі қондырғыларды қажет етпейді.

Бруцеллезден таза емес шаруашылықтарда осы тәсілді қолдану бруцеллезге қарсы шараларының тиімділігін арттырып отарды сауықтыру

мерзімін анағұрлым қысқартады. Бұл уақытта КБР және аллергия әдістерінің белсендірек болуы отардағы індет үрдісінің созылмалы түрге айналғандығынан деп түсінуге болады, өйткені індет үрдісінің осы кезеңінде ағзадан комплемент байланыстырушы антидене молайып, аллергиялық реакция белсенділігі күшейеді. Яғни, бұл жүргізілген жұмыстар нәтижелері, бруцеллезден таза емес отардың кешенді түрде аллерго-серологиялық тәсілдерді бірге қолдана зерттеу тиімді екенін, бұл тәсіл арқылы бруцеллезбен залалдану деңгейі 6,9 % болған табынды 3,5 ай ішінде сауықтыруға болатындығы анықталды.

Бруцеллездің алдын алу ең басты шараларының бірі індет кезінде балау арқылы табындағы бруцеллез жұқтырған жануарларды толық анықтап, оқшаулау және жою немесе арнайы қарастырылған орындарда санитарлық сою болса, екіншісі індеттің алдын ала дауалау, яғни спецификалық вакцина қолдану арқылы иммундеу болып табылады. 2007 жылдан бері Республика мал шаруашылықтарында малдарды бруцеллезге қарсы спецификалық дәрмектермен иммундеу (вакцинация) тоқтатылғанына байланысты бруцеллездің алдын алу шараларының бірегейі бруцеллез жұқтырған малды уақытында, әрі тиімді тәсілдерді қолдана отырып балау болып табылады.

Қорытынды. Ветеринариялық практикада қолданылып жүрген серологиялық балау әдістері орындалуы күрделі, зерттеу нәтижелерін алу үшін 3-10 күн уақытты қажет етеді. Қазіргі кезде қолданылып жүрген балау тәсілдері – серологиялық реакциялар АР, КБР, РБС індеттелген ағзада пайда болатын антиденелерді анықтауға негізделген. Аллергиялық әдіс арқылы бруцеллезді балау ауру жұқтырған малдарды табыннан мейлінше толығырақ анықтауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1 Иванов Н.П. Бруцеллез животных: Методы и средства борьбы с ним. –Алматы, 2002. – 351 с.

2 Абуталип А., Султанов А.А., Иванов Н.П. и др. Эпизоотологический мониторинг бруцеллеза животных в РК за 2012–2014гг//в кн.:Актуальные проблемы развития ветеринарной науки: Материалы Международной конференции, посвященной 85–летию Самарской НИВС РАСХН.–Самара, 2014. С.1-5.

3 Омарбекова У.Ж., Әбутәліп Ә., Айтқұлова А., Әбиев М . Бруцеллезге қарсы *V.abortus* 19 вакцинасымен егілген әр түрлі жастағы қашарлардың иммунологиялық жауабы: Ізденістер, нәтижелер №4 (084) 2019. 69-72 б.

4 Абуталип, А., Барамова, Ш.А., Канатбаев, С.Г., Мустафин, Б.М., Дюсенов, С., Бисенбаева, У., Матихан, Н. Анализ эффективности противобруцеллезных мероприятий в РК с применением вакцин / Сб. науч. трудов КазНИВИ. - Том LXII.- Алматы, 2017.- С2-3.

5 Abutalip A., Matihan N., Kanatbayev S., Bazarbayev M., Vorobyov V. Analysis of efficiency of vaccines against brucellosis in cattle in the republic of Kazakhstan. Asian Journal of Pharmaceutical and Clinical Research(India), ISSN:

(Scopus), SJR_2016:0, 277, – 2017. – Vol. 10, Issue 6. – P. 0974-2441.

6 Султанов, А.А., Тен, В.Б., Абуталип, А.А., Матихан, Н. Значения экологически безопасных противобруцеллезных препаратов при оздоровлении неблагополучных хозяйств. /Сб. науч. трудов КазНИВИ. - Том LXII.- Алматы, 2017. - С. 335-343.

2 кесте - Серологиялық және аллергиялық зерттеулер нәтижелері

Ауылдық округ және елді мекен	Жалпы мал басы саны	Серологиялық тексеру															Аллергиялық тексеру	
		1 рет қан алу					2 рет қан алу					3 рет қан алу					Тексерілгені	Оң нәтиже берген
		Тексерілгені	Оң нәтиже берген мал			Тапсырылған мал басы	Тексерілгені	Оң нәтиже берген мал			Тапсырылған мал басы	Тексерілгені	Оң нәтиже берген			Тапсырылған мал басы		
			КБР	АР	РБС			КБР	АР	РБС			КБР	АР	РБС			
№7 шаруа қожалығы	11360	1165	112	52	50	215	7618	23	18	16	55	500	11	8	6	0	400	21
Зерттеу алынған күні		21.02.2020					23.04.2020					08.07.2020					08.07.2020	